

Б. Е. Досқалиев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: С. Қ. Алтайбаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, полиция майоры

ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ — ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ

Бір аумақта және белгілі бір уақытта жасалған барлық қылмыстардың жиынтығы, қылмыстылық белгісінің бірі болып саналады. Ал, кәмелетке толмағандармен жастардың қылмыстылығы осы жиынтыққа кіретін қылмыстылықтың түрінің бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының көбеюі қоғамда ерекше мәнге ие. Бірақ олардың алдын алуда, болдырмауда және ескертуде мемлекет тарапынан шаралардың аздығы көрінеді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының 90 %-ы қадағаламау салдарынан болатынын біле тұра, мемлекет тарапынан қандай да бір әрекеттердің жасалуы байқалмайды. Тек, құқық қорғау органынан бөлек, білім беру мекемелеріне, одан қалса отбасы қадағалауына береді.

Қазіргі қоғамда жеткіншектерге білім беруші мекеме тарапынан жүргізілген қадағалау өз мақсатына жетпейтіні, яғни олардың өкілеттігімен қамтылмайтындығын айтуға болады.

Отбасы тарапынан жүргізілетін қадағалау әр отбасында әр түрлі жүргізіледі. Ата-анасы отбасы қажеттерін қамтамасыз етіп жүргенде, бала тәрбиесі тыс қалып жатқан отбасылар да бар. Ата-анасының екеуінің де түнгі уақытта жұмыс істеуі, жұмыс уақытының көптігі, вахталық жұмыстар сияқты мәселелер. Бұл мәселелердің барлығы ата-ана қоғамға мәдениетті, білімді ұрпақ тәрбиелеуде мемлекет тарапынан жоғары дәрежеде ықпал етудің маңызы зор екенін көрсетеді.

Ұлтымыз бұл мәселені бір ауыз сөзбен түйіндеген: «Ұлым дейтін ұлт болмаса, ұлтым дейтін ұл қайдан табылсын». Осы ғұлама ойды негізге ала отырып, бұл мәселені жете қарастыруды жөн көреміз.

Жеткіншектер қылмыстылығын алдын алуда екі нәрсені атап көрсеткіміз келеді: Біріншіден, жеткіншектер санасында ұлттық идеологияны қалыптастыру. Жеткіншектерге ертеңгі өмірінде қоғам оларды қажет ететіндігін, әр қайсысының өз орны бар екенін ұғындыру. Мемлекетіміздің дамып өркендеуінде жастардың ерекше мәнге ие екендіктерін түсіндіру. Тәрбиелілік пен адамгершілік, құқыққа бағынушылық тұлға болып қалыптасудың көрінісі екенін айту. Жастардың бойында қылмыстылыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру. Яғни, осы аталған мәселелерді ақпарат құралдары, білім беру жүйесі, отбасы тәрбиесі арқылы жеткіншектер санасында орнықтыру қылмыстылықтың алдын алудың бір жолы деп есептейміз.

Екіншіден, кәмелетке толмағандарға қатысты жауаптылықтың бір жүйеге келтірілуі. Қазіргі таңда оларға қатысты жазалардың өз мақсатына жетпеуі. Жеткіншек қыздарға қатысты жазалау орындарының жоқтығы. Жүйелі шаралардың қолданылмауы салдарынан қыз балалардың қайталап қылмыстар жасауы. Осыған байланысты жеткіншектерге қатысты бас бостандығынан айыру немесе шектеумен ұштасатын жазалардың орнына, қылмыс дәрежесіне сәйкес қандайда бір тәрбиелік ықпал ету шарасын қолдануды дамытса. Бұл жаза өз мақсатына жету үшін нормативтік актілермен реттеліп, мемлекеттік қадағалау күшейтілсе.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдың 23 қарашасындағы «Балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес 175-б, 178-б, 181-б. 1-ші бөліктеріне сәйкес жаңа қылмыстық кодексте қылмыс субъектісі ретінде 16-жас деп тану көрсетілген.

Бұл аталған баптар өте жиі кездесетін, көп қолданылатын заң нормалары екенін ескергеніміз жөн. Қазіргі таңда жеткіншектер арасында бұл қылмыстардың көп кездесетіні анық. Егер біз, осы өзгеріске сәйкес 14-15 жастағы жеткіншектерді қылмыс субъектісі ретінде танымайтын болсақ, бұл қылмыстылықты формальді азайтқанымен, қоғамдық қауіптілікті күшейтпейді ме?! Егер мұны ізгілік қағидасымен байланыстыратын болса, бұған әлі де ертерек деп ойлаймын. Гумандық заңдар ересектерге қатысты қолданылып, өз тәжірибесін

алғаннан кейін ғана жеткіншектерге қатысты қолданылуға тиіс. Дамыған Еуропа мемлекеттерінде гумандық заңдар толығымен қолданысқа енсе де, жеткіншектерге қатысты жазалар төмен жастан бастап қолданыла береді. Кейбір мемлекеттерде қылмыс дәрежесіне сәйкес, Польшада 10 жастан, Англияда 12 жастан қылмыс субъектісі ретінде тану көзделген. Біз осы дамыған мемлекеттер тәжірибесімен санасуға тиіспіз.

Осы заңның 3-бөдімі Қазақстан Республикасы ҚК 63-бабына сәйкес, «шартты түрде соттау кезінде кәмелетке толмаған балаға осы кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын тағайындау туралы» өзгеріспен, 122, 124-баптарына (кәмелетке толмағандарға қатысты жасалынған қылмыстар) қатысты санкцияларының жоғарылауымен толық келісеміз. Бұл мәселелерді жеткіншектер қылмыстылығын азайтуда мемлекет тарапынан қарастырылған оңды шешім деп ойлаймыз.